

# **МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

## **ИНТЕРННІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ**



**Факультет: Жалпы медицина**

**Бағыты: Жалпы тәжірибелі дәрігер**

**Тобы: 628**

**Тақырыбы: ҚР-ғы жалпыға  
ақпараттандырылған жүйе**

**Орындаған: Уалиева Бакытнур**

**Тексерген: Жумабаева А С**

# **Жоспар.**

## **I. Кіріспе**

## **II. Негізгі бөлім**

1. Білімнің лауазымдық моделі.
2. Білімнің лауазымдық моделін жасауда педогогтың ролі.
3. Ұжымдағы психологиялық климат.

## **III. Қорытынды.**

## **IV. Пайдаланылған әдебиеттер.**

# Кіріспе.

Қазақстан қазіргі уақытта білім беру, адам мен бала құқығын қорғау саласындағы барлық негізгі халықаралық құжаттарға қатысушы болып табылады. Бұл жоғары білім саласындағы жалпыға бірдей адам құқықтары Декларациясы, Балалар құқығы туралы Конвенция, Халықаралық адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары Декларациясы, Болон және Лиссабон Конвенциялары және басқалар. Джомтьен мен Дакардағы «Баршаға арналған білім» Дүниежүзілік форумының ұсынымдарын қолдау және жүзеге асыру мақсатында Қазақстан «Баршаға арналған білім» атты Ұлттық іс-қимыл жоспарын қабылдады.

– Қазақстанның 2010 жылы Еуропа Ынтымақтастығы мен Қауіпсіздігі Ұйымына (бұдан әрі - ЕЫҚҰ) басшылық жасауы Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне шығуына мүмкіндік беретін қосымша факт болып табылады. Осылайша біздің республикамыз кеңес үкіметі елдерінің және Азия елдерінің ішінде алғашқы беделді халықаралық ұйымдардың бірін басқаруға ие болған ел болды. Сонымен қатар, бұл – бүгінде біздің мемлекетімізді алдыңғы қатарлы батыс елдерінің толық құқықты әріптес ретінде қабылдауын көрсететін Қазақстанның әлемдік кеңістікке белсенді кірігуінің тағы бір дәлелі.



2020 жылға дейінгі елімізді дамытудың Стратегиялық жоспарының жоғары басымдылығы ретінде адам ресурстарын дамыту болды. Экономикалық пайда болашақта жұмысшы күшінің өнімділігі мен сапасын едәуір көтеретін білім берудегі инвестицияларға байланыста болады. Сондықтан да алдағы онжылдықта білім беру қызметінің сапасын жақсартуға баса назар аударылатын болады.

## Білім берудің лауазымдық моделі.

Еліміздің қазіргі әлемдегі орны адам капиталының сапасымен, білім берудің жай-күйімен және өндірісте техника мен ғылымды пайдалану деңгейімен анықталады. Технологияның дамуы жаһандандудың катализаторы және еліміздің бәсекелестік басымдылығы дамуының маңызды факторы болып табылады. Қазіргі білім мен технологияларға негізделген экономика жоғары технологиялы қоғам құрудағы сапалы жаңа өзгерістерге жетудегі табыстың кепілі болып табылады. Қазіргі заманғы технологиялар ақпараттарды жылдам және сапалы беру мен қайта өңдеуге мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, елдің алдағы тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейі тиісті ұйымдар жүйесімен институционалды қамтамасыз етілген. Білім берудің құрылымы ЮНЕСКО-97 халықаралық стандарттар жіктеуішіне сәйкес келтірілді. 12 жылдық оқытуды енгізу үшін жағдайлар жасалуда. Техникалық және кәсіптік білім қайтадан қалпына келтірілді. Бакалавр-магистр - Ph.D докторы үш деңгейлі мамандарды даярлау енгізілді. 2009 жылы іріленген мамандықтар топтарын құрайтын Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандар жіктеуіші бекітілді.

Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі құрылды. Ол тәуелсіз сыртқы бағалаудың барлық элементтерін (лицензиялау, аттестаттау, аккредиттеу, рейтинг, бірыңғай ұлттық тестілеу (бұдан әрі- ҰБТ), мемлекеттік аралық бақылау (МАБ), түлектерді кешенді тестілеу және басқалары) қамтиды.

**Білім берудің барлық деңгейлерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда.**

**Білім беру сапасы арттырылуда:** ҰБТ-ң нәтижелері жақсаруда, халықаралық олимпиада жеңімпаздарының саны артуда.

Инклюзивті білім беру даму үстінде.

Балаларды ыстық тамақпен қамту және тасу мәселелері шешілуде.

Жыл сайын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандарды даярлауға мемлекеттік білім тапсырыстар көлемі артуда.







Білім беруді ақпараттандыруды іске асырылуда. Білім берудің мазмұны мен технологиясы үнемі жетілдірілуде.

Жаратылыстану және математикалық білім сапасын арттыру бойынша өнімді жұмыс атқарылуда. Оның көрсеткіші ретінде қазақстандық оқушылардың халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне 2007 жылғы Trends in Mathematics and Science Study (бұдан әрі – TIMSS 2007) (36 елдің ішінде математика бойынша 5-ші орын және жаратылыстану бойынша 11-ші орын). Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 3 интеллектуалды мектебі жұмыс істейді.



## **Үш тілде оқытылатын мектеп құрылысы.**

**Үш тілде оқатын дарынды балаларға арналған арнайы мектептердің желісін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі кезде республикада үш тілде оқытатын 33 мектеп жұмыс істейді. Оларда 3749 бала оқиды.**

Білім және ғылым саласы бойынша 130 халықаралық келісім шарттарға қол қойылды. 150 –ден астам білім және ғылым ұйымдары шетелдік серіктестермен тікелей байланыста.

Сөйте тұра қазақстандық білім беру саласы әлі де бәсекеге қабілетті бола алмай отыр.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, мақсатты индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

### **Басты мақсаты:**

білім беру жүйесін түбегейлі жетілдіру үшін азаматтардың әл-ауқатын және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адамзат капиталын дамыту.



12-жылдық мектепте интеллектуалдылықты, Қазақстан Республикасының рухани және дене жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, жылдам өзгертін өмірде жетістікті қамтамасыз ететін оның білім алу қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін адамзат бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту

индустриалды-инновациялық даму талаптарына сәйкес ТЖКБ жүйесін жетілдіру тұлғалық қажеттілік пен елдің индустриалды-инновациялық даму міндеті, еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыратын жоғары білім сапасының деңгейін жетілдіру

## ***Білімнің лауазымдық моделінде педогогтың ролі.***

- Мектеп басшылары бұл берілген анықтамаларды сараптай келе жаңалықтың барлығы ылғи да жағымды нәтиже бере бермейді деген тұжырымға келді:
- -кез келген жаңа дүние мектептің көкейкесті мәселесін шешуде басты құрал бола бермейді;
- - әрбір жаңа дүние белгілі бір жағдайда ғана туындайды және нақты бір ғана педагогикалық мәселені шешуге бағытталады;
- - жаңалықты пайдаланушылар санының көбеюі, жаңа тәжірибелердің пайда болуы және оларды игеру жаңалықты меңгерудің тиімді жағдайларын қиындата түседі.

Әрбір жаңа педагогикалық әдістің екі жағы болады: технологиялық-әдісті пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері және жаңалықты игеруге өзіндік әсер етуі.

Қазіргі педагогикалық сөздіктер педагогикалық инноватиканы педагогикалық іс-әрекеттің жаңару үрдісін, оның принциптерін, заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін зерттейтін сала ретінде қарастырады, ал педагогикалық инновация деп тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында педагогикалық іс-әрекетке енгізілген жаңалықтар деп түсіндіріледі.

Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлқтарын, ұстанымдарын Мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Инновациялық іс-әрекет адамдардың шығармашылық жемісті қызметінің бір түрі және оған мотивациялық, креативтік, технологиялық, шартты компоненттер жатады . Сонымен қоса мотивациялық компонент педагогтардың педагогикалық жаңалықтарға деген сұранысын, ол жаңалықтарды қабылдау дәрежесін көрсететін кәсіби шығармашылық бағыттарының мазмұнын анықтайды.

Креативтік компонент икемделу, өзгеру, қайта өзгеру, бар тәжірибені қайта жаңарту, оны педагогикалық жағдайларға ыңғайластыруды қамтамасыз етеді. Технологиялық (іс-қимылдық) компонент инновациялық іс-ерскеттің жүзеге асуымен байланысты, яғни жаңалықты педагогикалық үрдіске енгізу және оның жүру барысын, іске асуын бақылау деген сөз.

Шартты компонент белгілі бір инновациялық жүйені көптеген нақты зерттеулер нәтижесімен өлшей отырып, иновациялық іс-әрекеттің мақсатын, зерттеу объектісі мен нәтижесін түйсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік оқудың соңында инновацию, «педагогикалық инновация деген түсініктерді зерделей келе аудан мектеперінің басшылары, оқу ісінің меңгерушілері инновациялық жағдайда жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының басшылары үшін төмендегі маңызды шарттар қажет деп тоқталды:

- Педагогтар біліктілігін жетілдіре отырып мектепті басқарудағы басымдылықтарды анықтау;
- өзгертуші күші бар басқаруды жүзеге асыру;
- басқарушылық іс-әрекетте педагогикалық та, басқарушылық та тиімді технологияларды қалыптастыруға бағыттау.





## *Ұжымдағы психологиялық климат.*

Ұжымдағы көңіл-күй мен қоғамдық пікір, эмоциялық күш-қуат пен өзара қатынастың деңгейін ондағы қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық климатпен айқындалады. "Психологиялық климат", "әлеуметтік-психологиялық климат" немесе "микроклимат" ұғымдары ғылыми емес, астарлы, ауыспалы ұғымдар. Географиялық климат сияқты мамыражай әлеуметтік-психологиялық климат адамның осындай климаттағы ұжымда өзін барынша жайлы сезініп, тұлғалық және кәсіптік қатынас-тарда өзін жан-жақты таныта алуын білдіреді. Ұжымдағы психологиялық климаттың мазмұндық сипатын адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың көңіл-күйі, хал-жайы, бірлесе атқарған жұмыс процесіне көңілі толуы айқындайтын болғандықтан психологиялық климатты сипаттауда эмоциялық бағаның маңызы зор.

# Қорытынды..

*Әлеуметтік-психологиялық климат ұжым мүшелерінің бірлескен іс-әрекет пен өзара қатынас процесінің силатын танытатын ұжымның сезімдік-психологиялық жағдайларының жүйесін білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық климатты осылай түсіне отырып, оның мынадай негізгі қызметтерін атауға болады.*

*Педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының топтастырушылық қызметі ұжым мүшелерінің оқу-тәрбие міндеттерін шешуге ұжымдық күш-жігерді топтастыруын, бірігуін іске асырады. Үлгілендірушілік қызметі педагогикалық әрекеттің қолдануына қажетті ұжымның "эмоционалдық күш-қуатын" қалыптастыруға байланысты. Тұрақтандырушылық қызметі ұжым ішкілік тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ұжымға жаңа мүшелердің енуіне қажетті алғышарт жасайды.*

# Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ерғалиев Қ.Р. Басқару негіздері.-Алматы, 1997
2. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.
3. С.Ш. Әбенбаев, А.М. Құдиярова, Ж.Ә. Әбиев «Педагогика» Астана 2003.
4. История менеджмента / Под ред. Д. В. Валового. М., 1997.
5. Американские буржуазные теории управления (критический анализ) / Под ред. Б. З. Мильнера, Е. А. Чижова. М., 1978..



**Назарларыңызға  
рахмет!!!**